

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасында атқару хаттамасын жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 24 желтоқсан N 1678

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасында атқару хаттамасының жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі тиісті келіссөздер

жүргізсін және қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы атқару хаттамасын жасассын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының

Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен

Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы

Атқару хаттамасы

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы,

әскери ынтымақтастықты нығайту мақсатында және 2001 жылғы 31 шілдеде Анкара қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік

Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы Келісімге (бұдан әрі - Келісім) сәйкес,

мыналар туралы келісті:

1-бап

Түрік Республикасының Бас штабы келісімнің 2-бабын іске асыру мақсатында мынадай тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне АҚШ долларына баламада жалпы сомасы 783000000000 (жеті жұз сексен үш миллиард) түрік лиріне материалдар береді:

p/c !	Атауы	! Есепке	! Саны
N !		!алу бірлігі!	

- | | | | |
|----|--|--------|----|
| 1. | LANDROVER Defender тенттелген (бір кабиналы) джипі | бірлік | 4 |
| 2. | LANDROVER Defender тенттелген (екі кабиналы) джипі | бірлік | 4 |
| 3. | LANDROVER Defender джипі медициналық жәрдем машинасы | бірлік | 1 |
| 4. | Әрқайсысы 2 қосалқы батареясымен Асельсан PRC-9610 ауыспалы радиостанциясы | дана | 8 |
| 5. | Әрбір радиостанцияның 2 қосалқы батареясымен 4014 қол радиостанциясы | дана | 20 |
-

2-бап

1. Осы Атқарушы хаттаманың шеңберінде техникалар мен құрал-жабдықтарды Түрік Республикасынан Қазақстан Республикасының аумағына дейін жеткізуге және кедендей ресімдеуге байланысты барлық шығыстарды Түрік Тарапы өз мойнына алады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында осы Хаттаманың 1-бабында көрсетілген техникалар мен құрал-жабдықтарды қедендік ресімдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3-бап

2001 жылғы 31 шілдеде Анкара қаласында жасалған осы Атқарушы хаттама Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Хаттаманы іске асыруды Түрік Республикасының Қазақстан Республикасындағы елшілігі жанындағы Әскери атташесінің аппараты жүзеге асыратын болады.

4-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Атқарушы хаттамаға жекелеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5-бап

Осы Атқарушы хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғандығы туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күшіне енеді.

200 ____ жылғы "____" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, түрік және орыс тілдерінде түпнұсқалық екі данада жасалды, әрі барлық мәтіннің де бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі үшін

Түрік Республикасының
Бас штабы үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК